<b>Серуен картотекасынан</b>					
Серуеннен оралу	<p>Тазалық процедурасы. Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p>				
Түскі ас	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жесуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қояды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</p>				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p align="center"><b>№6 Ояну</b></p> <p><i>Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық.</i></p>	<p align="center"><b>№8. Ояту</b></p> <p><i>Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық</i></p>	<p align="center"><b>№10. Ояну</b></p> <p><i>Көзімізді ашайық Бойымызды жазайық Терезеге қарап Күн жылуын алайық.</i></p>	<p align="center"><b>№ 12 Ояну</b></p> <p><i>Күнге қарап күлімдеп Көзімізді ашамыз Бойды түзе, көтер басты Сергіп ұйқы ашамыз</i></p>	<p align="center"><b>№ 13. Ояну</b></p> <p><i>Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық Енді қане бәріміз, Жаттығуды жасайық.</i></p>
<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>					
Бесін ас	<i>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</i>				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапта рқарау және тағы басқа әрекеттер)	<p><i>Дәстүрден тыс сурет салу «Торғайға көмек»</i> <b>Тосын сәт.</b> <i>Торғай ұшып келеді. Балалардан көмек сұрайды. Досым жоқ. Маған дос торғайлар керек дейді. Көмектесеміз бе? <b>Торғайға көмек</b> Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Трафаретпен жұмыс жасауды түсіндіру. Балалардың өз бетінше жұмысы. Бақылау. <b>«Біздің көрме»</b> Балалардың жұмысын бағалау.</i></p>	<p><b>Қызығушылықтарын ояту.</b> <b>Топқа қозы келеді.</b> <i>Балалармен амандасады. Балалар қошақан неге көңілсіз деп ойлайсыңдар? Балалар қозы айтады, менде дос жоқ, жалғыз ойнағым келмейді дейді. Олай болса біз оған дос табуға көмектесейік. Қағаздан бірнеше қошақан құрастырайық. Келісесіңдер ме? Балалардың жауаптары. <b>Топқа бөлу.</b></i></p>  <p><b>1-топ</b> қозының сұлбасын бастырып сызып, қағазды жырту әдісі арқылы үстіндегі жүнін жапсырады. <b>2-топ</b> қозының сұлбасының үстіне клей жағып, мақтаны қозының үстіне жапсырады.</p>	<p><b>Қызығушылықтаын ояту.</b> <b>Тосын сәт. Тауық келеді.</b> <i>Балалар тауықпен амандасады. Балалар қонаққа келген тауық өте мазасызданып тұр, не болғанын тауықтан сұрап көрейік. (балалардың назарын тауыққа аударады.) -Балалар тауық бізге келе жатып балапандарынан адасып қалыпты, тауықтың балапандарын табуға көмектесеміз бе? <b>Топқа бөлу.</b> Тауық, балапан суреті арқылы топқа бөлу.</i></p>  <p><b>1-топ</b> тауық тобы балапанды сары гуашпен бояйды. <b>2-топ</b> балапанды саусақ арқылы бояйды. <b>3-топ.</b> балапан сұлбасын дән арқылы беру.</p>	<p><i>Дәстүрден тыс сурет салу.</i> <b>Жазғы ағаштар</b> <i>Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен таныстыру. Қырыққабат жапырағынан жазғы ағаш келбетін қағаз бетіне түсіру <b>Жұмбақ жасыру.</b> Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясында ән салып. Құстар жүрген сайрап, Салқын түссе-шешіліп, Қалады өзі жайрап. (ағаш) <b>Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.</b> Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу. Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру. <b>«Біздің көрме»</b> балалардың жұмысын қортындылау.</i></p>	<p><i>Тосын сәт топқа құтың құшып келуі.</i> <b>Балалар мына құс неге шырылдап ұшып жүр. Біз оған қандай көмек бере аламыз.</b> <b>Миға шабул.</b> <b>Жұмбақ жасыру.</b> Тал басында тамаша үй ( ұя ) Жарайсыңдар балалар, осы ұяда нелер мекендейді? Құстарға ұя не үшін қажет? <b>Топқа бөлу.</b> <b>1-топ</b> түрлі түсті қағаздан ұя жапсырады <b>2-топ</b> тарелкі ішіне түрлі түсті қағазды қиып жапсырады.</p>  <p>Балалардың жұмысын бақылау. Жеке көмек көрсету. <b>Қорытынды.</b> Сұрақтар қою.</p> <p><b>Денешынықтыру</b> <b>Негізгі бөлім</b> <b>Жалпы даму</b> <b>жаттығулары</b></p>



Балалардың жұмысын бақылау.  
Жеке көмек көрсету.  
**Галерея шаралау.**  
Бір бірінің жұмыстарын бағалау.  
Жасаған жұмыстарын қозыға беру.  
Қозы қуанып балаларға рахмет айтып қоштасады.



Балалардың жұмысын бақылау.  
Тауыққа балапандарды сыйлау.  
**Қорытынды.**  
Балалардың жұмысын қорытындылау.

### **Жалаушамаен**

**1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.

**2.** Аяқтары алишақ қойылған, жалаушалар төменде.

Жалаушаларды артқа-алдыға қарай сермеу. /5 рет қайталау/

**3.** Аяқтарын алишық қою, жалаушалар екі жақта жерде.

Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек. /5 рет/

**4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалаушаны белге қою 5-рет

**5.** Аяқтарын алишақ қою, жалаушалар белде; 6-рет маршпен жүру, 10-рет секіру.

**Тыныс алу жаттығулары:**

«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алишақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке

					тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. <b>Бастапқы қалыпқа келу.</b> Балаларды мадақтау. <b>Негізгі қимылдары:</b> 1. биіктігі 15 см заттың үстінен секіру. 2. Төрттағандап доғаның астынан еңбектеу <b>Қимылды ойын:</b> <b>«Торғайлар мен мысық»</b> Шарты. Ойын кейіпкерлерін рольге бөліп ойнау.
Балалармен Жеке жұмыс	<b>«Үй жануарлары мен төлдері»</b> <b>Ойынның шарты:</b> Үй жануарларының төлдерін айыра білу.	<b>Дид ойын: «Көрпені жамауға көмектес!»</b> <b>Шарты:</b> геометриялық пішіндермен таныстыру. Геометриялық пішіндерді орналасқан орны бойынша таба білу. Пішіндер арқылы бос орындарды жабу.	<b>Дид ойын:</b> <b>«Ойыншықтарды тап!»</b> <b>Ойын шарты:</b> Бөлмеде әр түрлі орында ойыншықтар жасырылады. Олар көлемі бойынша қандай ойыншықтар тапқанын және бір-бірінен қалай ажыратылатындығын айтады.	<b>Дид ойын: «Геометриялық домино»</b> <b>Ойын шарты:</b> Геометриялық пішіндер әр түрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әр түрлі болады (қызыл, көк, жасыл, сары).	<b>Дидактикалық ойын: «Жол белгілерін қою»</b> <b>Ойын шарты:</b> Балаларға көше макетін мұқият қарау ұсынылады. Сосын қай жерге қандай белгі қою керектігін айтқыза отырып, жол белгілерін қою.
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау				
Серуен	<b>Картотека №15</b> Жапырақтардың ұшып жүргенін бақылау.	<b>Картотека №17</b> Ауа-райын бақылау	<b>Картотека №16</b> Жәндіктерді бақылау.	<b>Картотека №19</b> Аула маңындағы көліктерді бақылау.	<b>Картотека №20</b> Торғай мен Қарғаны бақылау.
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>					
Балалардың Үйге қайтуы	<b>Ата-аналарға кеңес:</b> «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	<b>Кеңес:</b> мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	<b>Кеңес:</b> «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру

әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.

Тәрбиелеу-білімберу процесінің циклограммасы  
«Айгөлек» шағын орталығы

Топ: Кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 23.10– 27.10.2023ж

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	<i>Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.</i>			
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	<i>«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Ата-аналараға ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру</i>			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <i>Бас бармағым – әкем, Балаң үйрек – анам, Ортан терек – ағам, Шылдыр шүмек – апам Титтей бөбек – мен</i>	<b>Саусақ ойынына арналған өлеңдер</b> <i>Бала, бала, балақан, Қане, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай, былай ойнат. қозғалтады. (қимылмен)</i>	<b>Саусақ жаттығуы:</b> <i>Алақан – ау алақан Ойын ойнап балақан Саусақтарды саралап Қол соғайық алақан</i>	<i>Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. (Б.Бөрібаев)</i>
Таңертенгі жаттығу	<i>Қазан айының 4- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген</i> <b>Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау</b>			
Таңғы ас	<i>Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті – қолды жуу.</i>			
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<i>Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.</i>	<i>Күнмен бірге тұрамыз, Құспен бірге ән саламыз Қайырлы таң! Ашық күн! Көңілді біз баламыз.</i>	<i>Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, «Кеш жарық!» - деп кіремін</i>	<b>Мен де балғын гүлмін</b> <b>Автор. М. Байсариева</b> <i>Арасыңды гүлдің Ойнап бүгін жүрдім Қызыл, көкшіл, сары Әп-әдемі бәрі Енді ғана білдім- Мен де балғын гүлмін!</i>

<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p><b>Тыныштық сәті: (Табиғат құбылыстарының дыбыстарын тыңдау)</b>  <i>Тәрбиеші: Балалар не естідіңдер? - Ненің дыбысы деп ойлайсыңдар? - жаңбыр, найзағай, жел, жапырақтардың сыбдыры т.б -Дұрыс айтасыңдар. Осы құбылыстардың барлығы табиғат құбылыстарына жатады. Осы естіген дыбыстарыңды, яғни табиғат құбылыстарын құмның бетіне түсіріп көрейікші.</i>  <i>Құммен сурет салу ережесін түсіндіру. құмды шашпаймыз, төкпейміз, азымызға салмаймыз.</i>  <b>Құммен сурет. Бұлт, жапырақтар, жаңбыр тамшысы т.б</b>  <b>Тақпақ: Табиғат</b>  <i>Табиғат біздің анамыз, Жер–Ана біздің панамыз. Таза болса табиғат Біз де аман боламыз.</i>  <b>Ой қозғау.</b>  <i>«Неге біз орманмен доспыз? Ал бұл адамдарға не үшін қажет? Орман ережелерін білеміз бе?»</i>  <b>Ереже</b>  <i>Бұтақтарды сындырмаңыз және ағаш қабығын зақымдамаңыз. Орманда қоқыс қалдырмаңыз. Құстардың ұяларын бұзбаңыз. Құмырсқа илеулерін жоймаңыз. - Гүлдерді қолдарыңызбен сындырмаңыз</i>  <b>Дидактикалық ойын: «Кішкентай ғалымдар»</b>  <b>Тәжірибе № 1</b>  <i>Тәжірибе жасап көрейік, ағаш суға батады ма, жоқ па? Біз үлкенді-кішілі</i></p>	<p><b>Менің сүйікті бұрышым. Саусақтарым тұрыңдар Алма баққа барыңдар Тәтті –тәтті алманы Себеттерге салыңдар.</b>  <b>Ой қозғау.</b>  <i>Балалар алма қандай болады? Домалақ Ол қайда өседі? Ағашта Алма туралы қызық ертегі тыңдаймыз ба?</i>  <i>Баяғыда орманда алма ағашы бар еді, онда жалғыз алма тұр екен. Осы кезде қоян орман арқылы жүгіріп өтіп, алманы көреді.</i>  <b>Қоян нені көрді?</b>  <i>Бірақ оны қалай алуға болады деп ойланды? Алма жоғары ілулі тұр. Алма қайда тұрды? Ол алманы алғысы келіп секірді? Қоян не істеді? Секірді</i>  <b>Қане қоян сияқты секірейік</b>  <i>Қарқ, қарқ деген дауыс шықты. Қоян қарайды Бұл не екен? Қарға Қане қарға сияқты қарқылдайықшы. Қарқ, қарқ - Қарға шыршаның үстінде отырып қоянға күледі.</i>  <b>Қарға не істеді? күледі.</b>  <i>- Әй Қарға! Неге күлесің деп қоян айғайлады. Сен онанда маған ағаштағы алма алып берші деді.</i>  <b>Қоян не деді қарғаға?</b>  <i>Қарға шыршадан алма ағашына ұшып барды.</i>  <b>Қарға не істеді?</b>  <i>Қане қарға құсап ұшайықшы.</i></p>	<p><b>Қызығушылықты ояту Аудио дыбыс телефоннан.</b>  <i>Құрметті балалар мен сендерді өз Орманыма, орман патшалығына қонаққа шақырамын. Орман патшалығы өте бай, сұлу, мейірімді және жылулық береді. Менің сиқырлы, дана орманым Ертегілер мен зажайыптарға толы!</i>    <i>Сендерді күтемін! Балалар, сендерге ертегілер мен зажайыптар ұнай ма? (Иә.) Менімен бірге ертегі орманына барғыларың келе ме? (Иә.) Олай болса, пойыз билеттерін алу керек, ол үшін билеттердің сұрақтарына жауап береміз - егер сендер орман достары болсаңдар, орманда не істеуге болмайды?</i>  <b>Балалар схема бойынша ережелерді атайды.</b>  <i>-Ағаш бұтақтарын сындырмаймыз -Біз гүлдерді жұлмаймыз, бірақ оларға сүйсінеміз. -Біз бейтаныс жидектер мен саңырауқұлақтарды термейміз және оларды тамырымен жұлмаймыз. Біз шу шығара алмаймыз, жануарларды ренжіп қалады. Біз орманға пойызбен барамыз. Поезды дұрыс жөндеп алайық Дидактикалық ойын: «Поезд» Шарты: Геометриялық пішіндерден үлкен көлемде поезд құрастыру. Сұрақ-жауап: Қандай пішіндерден поезд құрастырдық?</i></p>	<p><b>Қызығушылықты ояту</b>  <i>Балалар, ол бізге қонақ келді. Кім табады?(жұмсақ ойыншық)</i>  <b>Өзі қу, жүрген жері шу. Балалар: Түлкі.</b>  <i>Дұрыс .Бүгін бізге түлкі қонаққа келді. Түлкі: сәлем, балалар: қыздар мен ұлдар. Мен орманда тұрамын, орманда көп жүремін. Орман ағаштарымен әдемі. Сендер ағаштар туралы не білесіңдер. Мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр Сендер ағашқа не бере аласыңдар білесіңдер ме? Дидактикалық ойын: «Ағашқа не керек?» Шарты. Мен суреттерді ұсынамын (күн, құстар, тамшы, жер, тұқымдар, т.б.).</i>  <b>Балаларды топқа бөлу.</b>  <b>1-топ:</b> -Мен ағашқа күнді беремін. Ол жарқырайды, бізді жылытады және жапырақтары жасылға айналады. Ағашқа күнді жапсыру.  <b>2-топ:</b> Мен ағашқа құс беремін. Ол ағашты құрттардан тазалайды, ән салады. құстарды ермексаздан жасап ағашқа жапсыру.  <b>3-топ:</b> Мен ағашқа бір тамшы су беремін. Ол ішіп,</p>
--	--	---	---	---

<p>2 таяқшаны алып, суға саламыз. Балалар ағаш заттарды алып, бассейндерге су құйып, тәжірибе жасайды.</p> <p>Тәрбиеші : Не байқап тұрсыңдар? Олар суға батады ма, жоқ па? Балалар: жоқ.</p> <p>(Тәжірибе жасап, балалар қорытынды жасайды: ағаш суға батпайды) Балалар, біз ағаштың қандай қасиетімен таныстық? Балалар: Ағаш суға батпайды. Иә, балалар, ағаш суға батпайды, сондықтан адамдар ағаштан суда қайық, кеме, көлік жасайды.</p> <p><b>Тосын сәт.</b></p> <p>Стол астынан конверт тауып алу. Тамашалу. Конвертті ашу. Ішіннен кеме суреттері шығады. Балалар мына кеме суреттерін әсемдеу керек сияқты, не істеуге болады. Бояу керек сияқты. <b>Кемені бояу</b></p> <p><b>Тәжірибе № 2</b></p> <p>Тәрбиеші : Ал енді келесі тәжірибе. Менде 2 стақан бар, ағаш пен әйнектен жасалған. Енді мен оларға доптар саламын. Әйнек стаканнан доп көріне ме? Ал ағаш стаканнан ше? Қортынды: Ағаш қалың болғандықтан ондағы зат көрінбейді. Әйнек мөлдір онан бәрі көрінеді. Бұл ағаштың тағы бір қасиеті .</p> <p><b>Мына доптардың пішіні қандай? Түсі қандай?</b></p> <p>Ендеше екі топқа бөлініп, екі допты мүсіндейміз.</p> <p>Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру. Тәрбиеші : Балалар, шаршадыңдар ма? Біраз демалып алайық. Аулада қарағай бар</p>	<p>Қарға алманы жұлды. Бірақ ол тұмсығымен ұстай алмады, алма жерге түсіп кетті.</p> <p><b>Алма неге түсіп кетті?</b></p> <p>- Рахмет, Қарға! - деді Қоян Қоян алманы алмақ болды, бірақ ол тірі нәрсе сияқты жүгірді.</p> <p>Қоян қорқып кетті, содан кейін ол түсінді:</p> <p>Алма алама ағашының астында ұйықтап жатқан Кірпінің үстіне түскен.</p> <p>Кірпі орнынан тұрып, жүгіре жөнелді, ал алма кірпінің тікендеріне жабысып қалды.</p> <p><b>Қане кірпі құсап жүгірейікші.</b></p> <p>- <b>Тоқта, тоқта!</b> - деп айғайлайды <b>Қоян.</b></p> <p><b>Қоян не деді кірпіге?</b></p> <p><b>Қане қоян сияқты айтайық</b></p> <p>Менің алмамды қайда апардың? Кірпі тоқтады да:</p> <p>- Бұл менің алмам. Ол түсіп кетті, мен оны ұстап алдым.</p> <p>Қоян кірпіге қарай секіріп келді: Менің алмамды бер! Мен тапқан оны деді!</p> <p><b>Қарға оларға қарай ұшып келді де:</b></p> <p>«Босқа дауласып жатырсыңдар», «бұл менің алмам, мен оны өзім үшін жұлып алдым» деді.</p> <p>Ешкім бір-бірімен келісе алмайды, бәрі айқайлайды:</p> <p>- Менің алмам!менің алмам деп, орманда айқай шу болады.</p> <p><b>Қарға Кірпінің мұрнын шұқыды, Кірпі қоянға инесін қадады, ал қоян қарғаны аяғымен тепті.</b></p> <p><b>Кенет аю келді қорбаңдап.</b></p> <p><b>Не келді ?</b></p>	<p>Түстері қандай?</p> <p>Вагондардағы орынымызға отырамыз.</p> <p>Балалар. III-III-III-III</p> <p>Біздің пойыз шалғындарды аралап келеді, міне алдымыздан жасыл орман көрінді. (АҚТ технол)</p> <p>Біз <b>Орман станциясына</b> келдік ! Вагондардан түсейік!</p> <p>Енді жолмен жүреміз</p> <p>Біз тар жолмен келе жатырмыз , төбешиктердің арасында жылан сияқты жүріп , ағаштың үстінен секіре отырып, біз <b>орман үйіне</b> , сиқырлы дана орманға келдік!</p> <p>Балалар мына жалтыраған алтын тәрізді қорап жатыр. Ішінде не бар екен қарайық.</p> <p>Балаларға тапсырма диді.</p> <p><b>1-тапсырма:</b> Менің патшалығымның негізгі тұрғындарын атаңдар</p> <p><b>Ал бұл тұрғындарды қалай атаймыз ? ( Ағаштар . )</b></p> <p><b>2-тапсырма:</b> Менің патшалығым қалай аталады ? (<b>Орман.</b>)</p> <p>Балалар шаршаған шығарсыңдар? Орман алқабына отырып , <b>орманның</b> әуенін тыңдайық.</p> <p>Орман дыбыстары естіледі (құстардың сайрауы, жапырақтың дыбысы, сайдың шуы, жануарлардың дауысы) .</p> <p><b>Ой дамыту.</b></p> <p><b>Ағаштар туралы әңгіме</b> (көрнекі үлгілерді пайдалану) .</p> <p><b>Менің патшалығым - орман , онда ағаштар көп .</b></p> <p><b>Ағаш дегеніміз не ?</b></p> <p>(Ағаш - ең үлкен өсімдік.</p>	<p>жапырақтары жайқалып үлкен болып өседі. Суды бояп, ағашқа жапсыру.</p> <p><b>4-топ:</b> Мен ағашқа жер – топырақ беремін, ағаш жақсы өссін, ол тамақтансын деп. Топырақтың суретін құрастырып ағаш түбіне қою.</p> <p>Біз бәріміз тұқым береміз. Олар көп болсын, өссін деп. Тұқымды ағаш түбіне ермексизден жасап жапсырады.</p> <p>Түлкі керемет балалар сендер ағашқа қамқорлық жасауды біледі екенсіңдер. Тағы бір ойын ойнайық.</p> <p><b>Дид ойын: «Иә немесе Жоқ»</b></p> <p>1. Күзде ағаштар гүлдей ме? (Жоқ).</p> <p>2. Күнді бұлт жауып тұра ма? (Иә).</p> <p>3. Жәндіктер өздеріне ұя салады ма? (Жоқ).</p> <p>4. Жануарлар оңтүстікке ұшады ма? (Жануарлар ұшпайды).</p> <p>5. Қыста егін жинай ма? (Жоқ, егін күзде жиналады)</p> <p>6. Күн нұрын шаша ма? (Иә).</p> <p>7. Жануарлар күнге күйе ме? (Жоқ, олар жай ғана жылынып жатыр)</p> <p><b>Түлкі: Ал енді мен сендерді «Жел мен жапырақтар» ойынын ойнауға шақырғым келеді. Сендер жапырақтар боласыңдар, ал мен самал</b></p>
---	--	--	--



<p>Ол аспанға қол созады. (аяқ ұшымен тұру)          Оның жанында терек өсті,          (қолдарын жоғары көтереді)          Жел қатты соғып тұрды          Барлық ағаштар қозғалып кетті.          (алға-артқа еңкейуі.)          Бұтақтары алға-артқа иіледі          Жел оларды тербетеді,          (қолдар бастан жоғары бұлғау)          Жел тынды, ағаштар демалды.  <b>Дид ойын: «Ағаш бөліктерін тап»</b>  <b>Шарт:</b> Ағаш бөліктерін ретімен құрастыру.          Неліктен ағаштарға тамыр керек?          (тамақ үшін)          Ағаштарды тірі деп айта аласыз ба?          Иә, өйткені ағаштар өседі,          қоректенеді, тыныс алады, көбейеді -          бұл олардың тірі екенін білдіреді.          Оларды қорғау керек.  <b>Ал егер ағаштар мен гүлдер сөйлей алатын болса, олар бізге мынаны айтар еді:</b>          «Орман әлемін сақтаңдар          Бұтақтарды сындырмаңдар,          Бізге су құюды ұмытпаңдар,          Бізді баспаңдар» деп айтар еді.</p> <p><b>Денешынықтыру</b>  <b>Негізгі бөлім</b>  <b>Жалпы дамытатын жаттығулар</b>  <b>Құралсыз</b>  <b>1.</b> Аяқтары алишақ қойылған , қолдары төменде.          Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. 5 р  <b>2.</b> Аяқтары алишақ қойылған , қолдары бүйірде.          1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек.</p>	<p><b>Аю қандай?</b>  <b>Үлкен бе кішкентай ма?</b>  <b>Аю қалай жүреді? Жүру.</b>  <b>- Не болды? Бұл не шу деді аю.</b>          Бәрі аюға сіз ормандағы ең үлкен, ең ақылдысыз. Мына алма кімдікі болу керек соны айтыңыз деді.          Олар аюға барлығын болған күйінде айтып берді.          Аю ойланып, ойланып, құлағының артын тырнап, сұрады:          Алманы кім тапты?          - Мен! - деді Қоян.          -Алманы кім жұлды?          Мен -деді – Қарға          - Жақсы. Оны кім ұстады?          -Мен ұстадым! – деп шырылдады Кірпі.          - Міне, - деп ойлады Аю, - сондықтан әрқайсысың алма аласыңдар деді.          Бірақ бір ғана алма бар ғой ! – деді Кірпі, Қоян, Қарға.  <b>Аю не деді оларға?</b>  <b>Олар не деді аюға?</b>  <b>Алма нешеу еді?</b>          Аю айтты: - осы алманы тең бөліктерге бөлеміз, әркім өзіне бір бөлікті алсын деді.          Кірпі алманы алып, төрт бөлікке бөлді. Ол қоянға бір бөлігін берді:          - Бұл саған, Қоян, - сен бірінші алманы көрдің деді.          Ол екінші бөлікті қарғаға берді:          – Мынау саған, Қарға, – сен алманы жұлдың деді          Үшінші бөлікті Кірпі аузына салды:          Бұл мен үшін, өйткені мен алманы ұстадым деді.          Төртінші бөлікті аюға берді.          - Маған неге керек деді Аю таң</p>	<p><b>Оның бөліктерін ата.</b>          (Тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары)  <b>Қалай ойлайсың , ағаш тірі ме? (Иә.) Неге?</b>          (Ол өседі, тыныс алады)  <b>Дид ойын: «Ретімен жаса»</b>          Үстелде <b>ағаш бөліктерінің</b> (тамыр, бұтақ, дің, жапырақтар, ) аралас графикалық үлгілері бар .  <b>Ағаштың құрылысының ретін жапсыру.</b> Жұмыстың жасалу жолын түсіндіру, көрсету.          (біріншіден тамыр шығады, ол жерде орналасады, діңі тамырдан кетеді, діңнен бұтақтар шығады, бұтақтарда жапырақтар өседі, бұтақтар мен жапырақтар <b>ағаш тәжіні құрайды</b> ).  <b>Ой қозғау.</b>          Балалар, орман нелердің үйі?          Жануарлар мен құстардың.  <b>Орманда қандай жануарлар тіршілік етеді?</b>          Мына ағаш шұңқырында қандай жануар тұрады? (Тин) .  <b>Индерде қандай жануарлар тіршілік етеді?</b> (түлкі, тышқан.)  <b>Орманда қандай құстар мекендейді?</b> (Тоқылдақ, қараторғай, көкек, үкі.)          Орман – аңдар мен құстардың мекені ғана емес, жердің жасыл көйлегі. Орманның ауасы әрқашан таза, өте әдемі, дәрілік өсімдіктер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер өседі. Орман – біздің байлығымыз!  <b>Орман патшалығының барлық тұрғындарына сүйіспеншілік пен</b></p>	<p>жел боламын. Самал жел соғады, мен <b>Жел ұйықтап қалды</b> десем, жапырақтар жерге (еденге) түседі.          Сендер отырасыңдар.  <b>Қимыл-қозғалыс ойын: «Жел мен жапырақтар»</b>          Сап-сары жапырақтар.          Бұл күзгі жапырақтар.</p> <p>Бұтақтарда отырады          Кенет жел соқты, жел соқты олар ұшып кетті.          Түлкі жарайсыңдар балалар бүгінгі күн өте қызықты болды. Менің қайтатын уақытым болды.          Түлкі, осындай қызықты ойындарың үшін рахмет.          Балалар жақсы демалды.          Балалар саған арнап тақпақ айтып берсін  <b>Түлкі айтты. Түлкімін Тұнып тұрған күлкімін Бұлаң - бұлаң, құйрығым Текке өтпейді бір күнім.</b>          Түлкі Балалар, сендер қандай жақсы балаларсыңдар .          Рақмет сендерге          Қортынды          Сұрақ-жауап          Балаларды мадақтау.</p>
---	--	--	--

<p>3. Аяқты алишақ қоямыз, қолды алдыға созамыз. Отырып ,тұру. 5 рет</p> <p>4. Аяқтары алишақ қойылған , қолдары бүйірде. 1- қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алишақ ұстап секіру .</p> <p><b>Тыныс алу жаттығулары:</b> мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p><b>Негізгі қимылдарды орындау:</b> 1.Алға қарай екі аяқпен секіру.Қояндар бейнеленген суреттерді (слайдты) көрсетеді. Тапсырманы түсіндіреді – өз жұбына секіріп барады да, оған қолын тигізеді, сосын жылдам өз орнына жүгіріп барады. Нұсқау – бір мезетте екі аяқпен бар жігерімен итерілуі керек.</p> <p><b>2.Тіке бағытта төрттағандап еңбектейді.</b> Аюлар бейнеленген суретті көрсетеді.«Аюлар!» деген дауыс естілгенде, залдың қарама- қарсы жағына төрттағандап еңбектейді. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> «Қонаққа барайық». Екі топқа бөлінеді, бірінші топтың екінші топқа қонаққа баруына ұсыныс жасайды. Жұптасуға көмектеседі. Жұптарға музыка әуенімен көңіл көтеруге ұсыныс жасайды.</p>	<p>қалып. – Бәрімізді татуластырып, ақыл үйреткеніңіз үшін! Әркім өз алмасының бір бөлігін жеп, барлығы риза болып аюға рақмет айтты. <b>Ал балалар басқа да орман тұрғындарына алма жасап береміз бе?</b> «Алмалар» пластилинмен модельдеу -Қараңдаршы, алма ағашы қандай әдемі, бірақ онда алма мүлде жоқ - Ақ дөңселектердің орнына қызыл алмалар жасайық, сонда барлық орман тұрғындары алмаға тойып алады. <b>Массаж шарларымен қолдарға арналған гимнастика «Кірпі»</b> Кірпі, кірпі келеді, Ол алма мен саңырауқұлақ тереді. Кірпі жүгіріп келеді, Кірпі домалайды. Кірпі демалады. біз кірпіні қытықтаймыз. Кірпі жол бойымен қашып кетті, допты үстелге, тізеге айналдыруға болады. <b>Ой дамыту.</b> - Ағашымыздың алмалары дәмді, тәтті, шырынды болу үшін ашық күн керек. Ол үшін мына күнді бояп алайық. Графарет арқылы дайын күнді бояу. -Ал күн жарқырап тұруы үшін онымен ойнап, билеу керек. <b>«Мен және күн» музыкалық ойыны.</b> <b>Аудио дыбыс.</b> балалар бірдеңе жүгіріп келетін сияқты, тыңдайықшы.</p>	<p>қамқорлық көрсетуіміз керек . <b>Балалар, сендер ормандағы серуенімізді естеріңе түсірулерің үшін біз оның суретін саламыз.</b> Алдымен қолымызды сурет салуға дайындап алайық. <b>Дид ойын: «Суретшілер»</b> <b>Дене шынықтыру минуты</b> Тербеледі ағаштар, Алдымен жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлкен боп өседі. Құстар ұшып жүреді, Орман ішін аралап. Аю жүреді қорбаңдап, Түлкі жүреді қулаңдап Қасқыр жүреді жалаңдап Қоян жүреді секіріп Біз жай жүрейік демалып. <b>Бүгін біз орманның ағаштарын ерекше түрде саламыз.</b> Бұл суретке біздің қолымыз қатысады, қараңыз! Сол қолымызды қағазға қойып, оны қарапайым қарындашпен дөңгелетіп саламыз, саусақтардың ішін бояймыз Балалар бұл ағашқа бірдеңе жетіспейді. Ол не деп ойлайсыңдар? (Жапырақтары.) <b>Ендеше ағаштарымызға күзгі жапырақ саламыз ба ?</b> Мақта таяқшасы арқылы сары жапырақтар салу. Қандай әдемі! Қандай тамаша <b>Мен сендердің бұл суреттеріңді орман тұрғындарына беремін,</b> Барлығыңызға балабақшаға қайтатын кез келді! Қош бол, Орман патшалығы деп тақпақ айтып берейік</p>	
--	---	--	--

		<p><b>Дидактикалық ойын: «Кірпі мен себет»</b>          -Ал міне, кірпі жүгіріп келіп, алма теруге себетті алып келді          Педагог балаларға кірпі мен себет қиылған стикерлерді таратады, балалар алма мүсіндеген ағаштың астына себеттерді жапсырады.          Кірпі рақмет айты,          Кірпімен қоштасу</p>		<p><b>От та, суда, ауа да</b>  <b>Жан-жануар барлығы</b>  <b>Орман теңіз тауларда</b>  <b>Табиғаттың байлығы</b>          Поездға отырып бақшамызға барамыз.  <b>Қортынды</b>  <b>Балаларды мадақтау.</b></p>	
Серуенге дайындық	<b>Киіну:</b> Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	<p><b>Картотека №5</b>          Құстарға бақылау жасау</p>	<p><b>Картотека №6</b>          Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау</p>	<p><b>Картотека № 7</b>          Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау</p>	<p><b>Картотека № 9</b>          Қоңыр күзді бақылау, салыстыру</p>	
<b>Серуен картотекасынан</b>					
Серуеннен оралу	<p>Тазалық процедурасы.          Қолдарын сабынмен жудыру, өз сүлгілеріне сүртінуді талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу          Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.          Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.</p>				
Түскі ас	<p>Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Белгілі жүйелікте киімдерін шешуді, киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды пысықтау. Өз төсек орындарын дайындап жатуды дағдыландыру, үлгере алмаған достарына жәрдемдесу. Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау</p>				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p><b>Жаттығу кешені №7</b>          Балапандар тұрайық          Көзімізді ашайық          Жан-жаққа біз қарайық          Бір күлімдеп алайық.</p>	<p><b>Жаттығу кешені №8</b>          Ұйқыдан біз тұрамыз          Көзімізді ашамыз          Жан-жағымызға қарайық          Төсектен біз тарайық</p>	<p><b>Жаттығу кешені №9</b>          Ұйқыдан біз тұрайық          Көзімізді ашайық          Анда- мында созылып          Тарқасайық, тұрайық</p>	<p><b>Жаттығу кешені №10</b>          Көзімізді ашайық          Аунап, қунап алайық,          Самал жел бізге желпісін,          Ұйқымызды ашайық</p>	
<b>Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан</b>					
Бесін ас	<p>Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.</p>				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды	<p><b>Дидактикалық ойын: «Орманда»</b>  <b>Шарты:</b> Балалар фондық суретке кішкентай түсті силуэт бейнелерін</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Ормандағы құрылыс»</b>  <b>Шарты:</b> - Геометриялық</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Не артық?»</b>  <b>Шарты:</b> Суретке мұқият қарап, ондағы артық не бар екенін айт?</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Тиіндер»</b>  <b>Шарты:</b> Әр тиінге өз</p>	

ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітапта рқарау және тағы басқа әрекеттер)

орналастырады.



**Жүргізілу барысы:** Алдарыңызда орман салынған сурет. Мына әдемі суретті толықтырайық.

Ең биік ағашқа құс отырсын. Ал аласа ағаштың астында саңырауқұлақ өседі. Ал діңгектің айналасында үш гүл жайқалған. Ағашта жапырақтар өсті. Аспанда күн нұрын шашады. Аспанда бұлт. Көлдің жанында бақа отыр, көлде үйрек жүзіп жүр.

фигураларды орындарына орналастыр. Тар жолды, кең жолды көрсет. Шеңбер, сопақ және үшбұрыш қандай түсті? Жасыл түс. Шаршы мен төртбұрыштың түсі қандай? Қоңыр түс.




Кең жолда қандай пішін тұр?

Екі жолдың ортасында қандай пішін тұр?

Тар жолда қандай пішіндер тұр?

(Қосымша саңырауқұлақ, өйткені қалғандары ағаштар)



шұңқырын табуға көмектес. Тиінді тамақтандыр. Әрбір тиіннің өлшеміне сәйкес қуыспен желекті таңдаңыз.



**Денешынықтыру**

**Негізгі бөлім**

**Жалпы дамытатын жаттығулар Құралсыз**

**1.** Аяқтары алысқа қойылған, қолдары төменде.

Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. 5 р

**2.** Аяқтары алысқа қойылған, қолдары бүйірде.

1 - алға қарай еңкейіп, қолды аяқ басына дейін жеткізу керек.

**3.** Аяқты алысқа қоямыз, қолды алдыға созамыз.

Отырып, тұру. 5 рет

**4.** Аяқтары алысқа қойылған, қолдары бүйірде.

1 - қолды бастан асыра көтеріп шапалақтап және аяқты алысқа ұстап секіру.

**Тыныс алу жаттығулары:** мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.

Бастапқы қалыпқа келу.

**Негізгі қимылдарды орындау:**

**1. Алға қарай екі аяқпен**

				<p><b>секіру.</b> Қояндар бейнеленген суреттерді (слайдты) көрсетеді.</p> <p>Тапсырманы түсіндіреді – өз жұбына секіріп барады да, оған қолын тигізеді, сосын жылдам өз орнына жүгіріп барады.</p> <p>Нұсқау – бір мезетте екі аяқпен бар жігерімен итерілуі керек.</p> <p><b>2. Тіке бағытта төрттағандап еңбектейді.</b></p> <p>Аюлар бейнеленген суретті көрсетеді. «Аюлар!» деген дауыс естілгенде, залдың қарама- қарсы жағына төрттағандап еңбектейді.</p> <p><b>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қонаққа барайық».</b> Екі топқа бөлінеді, бірінші топтың екінші топқа қонаққа баруына ұсыныс жасайды. Жұптасуға көмектеседі.</p> <p>Жұптарға музыка әуенімен көңіл көтеруге ұсыныс жасайды.</p>
Балалармен Жеке жұмыс	<p><b>Дидактикалық ойын: «Кім тапқыр?»</b></p> <p>Шарты: Пішіндердің ішінен тік төртбұрышты табу.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Қандай пішін шықты»</b></p> <p>Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Зат неге ұқсайды»</b></p> <p>Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы біледі. айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата алады.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын: «Бөлігін тап»</b></p> <p>Шарты: Қиылған бөлшектерден белгілі бір құстың суретін құрастыру</p>
Серуенге дайындық	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау</p>			

Серуен	<b>Картотека №5</b> Құстарға бақылау жасау	<b>Картотека №6</b> Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау	<b>Картотека № 7</b> Күздегі өсімдіктердің түсін бақылау	<b>Картотека № 9</b> Қоңыр күзді бақылау, салыстыру
<b>Таңғы серуенді бекіту.</b>				
Балалардың Үйге қайтуы	<b>Ата-аналарға кеңес:</b> «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	<b>Кеңес:</b> мысалы: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	<b>Кеңес:</b> «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».